

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2007 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы N 49 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің әлеуметтік-экономикалық саясаты туралы елдің қалың жұртшылығын хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2007 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі мақұлданын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 4

қ а ң т а р д а ғ ы

N 4 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2007 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2007 жылы Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және ел азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы институционалдық және экономикалық жағдай жасауға, экономиканың өсуінің жоғары қарқынын және бағалар тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған келісілген саясат жүргізетін болады.

Алға қойылған мақсаттарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің күш-жігері мыналарға бағыттала ты н б о л а д ы :

макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;  
республика халқының әл-ауқатын арттыру;

экономиканы одан әрі жаңғырту және әртараптандыру;  
мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті дамыту;  
әлемдік экономикаға тиімді кірігу.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің күш-жігері инфляцияны Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында (екінші кезең) жоспарланған дәлізде ұстауға бағытталады болады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары тарапынан ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме (коммуналдық) нарықтарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың тиімді жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі; теріс пиғылды бәсекелестікті, баға жөнінде сөз байласуды, нарық субъектілерінің өздерінің үстем жағдайын асыра пайдаланушылығын айқындау және оның жолын кесу жөніндегі; белгілі бір тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің баға белгілеуін бақылау жөніндегі, өнім өндірушілер мен түпкі тұтынушылар арасындағы делдалдардың санын азайту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлары мен қызметтеріне бағалардың (тарифтердің) өсуі елдің Әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарында белгіленген олардың өсуінің шекті индекстері шеңберінде жүретін болады.

Инфляциялық үдерістерге ақша-кредит саясатының әсерін күшейту үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялық негізін одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізетін болады.

Инфляция бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банк жүйесінің өтімділігін реттеу арқылы ақшалай ұсыныс мөлшеріне ықпал ететін болады. Екінші деңгейдегі банктердің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі қысқа мерзімді ноталары мен депозиттері қаржы нарығындағы сыйақы ставкаларын реттеудің, сондай-ақ банктердің шамадан тыс өтімділігін стерильдеудің негізгі құралдары болып қалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі **ақша-кредит саясатының** операцияларын жетілдіретін болады, бұл оның негізгі ставкаларының реттеуші рөлін одан әрі арттыруға ықпал ететін болады. Қайта қаржыландырудың ресми ставкасын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операциялары бойынша ставкаларды реттеу ақша нарығындағы ахуалға және инфляция деңгейіне байланысты жүргізілетін болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасының реттеуші мүмкіндіктерін күшейтуі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасындағы оның деңгейін тоқсан сайын қ а р а у п р а к т и к а с ы ж а л ғ а с а д ы .

Сыйақының нарықтық ставкаларына қысқа мерзімді ставкалардың реттеуші рөлін

арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі депозиттер тарту (төменгі шекара) және қарыздар беру (жоғарғы шекара) бойынша ставкалармен анықталатын операциялар, көрсетілген дәліздің шекараларын жақындату және қайта қаржыландыру ставкасымен депозиттік ставкалардың өзара байланысы жөніндегі ставкалар дәлізін ықшамдауға бағытталған саясатты жалғастыруды ниет етіп отыр. Бұл кезеңде дәліздің төменгі шекарасы жоғарғы шекараның (қайта қаржыландыру ставкасының) жартысын қ ұ р а й т ы н б о л а д ы .

Банк жүйесінің шамадан тыс өтімділігінің және экономикадағы инфляциялық қысымның өсуі жағдайында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын қ а т а ң д а т у д ы ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Халықаралық практикаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен (бұдан әрі - ҚҚА) бірлесіп, 2007 жылы Қаржылық тұрақтылық жөніндегі меморандумды әзірлейді және оған қол қояды. Қазақстанның қаржы жүйесіне сенімді күшейту мақсатында қаржы тұрақтылығы жөніндегі есеп шеңберінде тұрақты негізде қалың жұртшылық үшін талдамалық жұмыстардың нәтижелеріне қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады.

Қаржы секторын дамыту, сондай-ақ оның жекелеген секторларын мемлекеттік реттеудің бағыттары мен әдістері Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі басымдықтарына сәйкес болады. Бұл бағытта экономиканың нақты секторының қаржы ресурстарына қажеттіліктерін қанағаттандыратын және еркін бәсекелестік жағдайында қаржы институттарының сапалы қызметтер ұсынатын қаржы жүйесінің жұмыс істеу жағдайын қалыптастыру арқылы Қазақстанның қаржы ұйымдары мен қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Ұлттық қорда қаражатты сақтау мен жинақтау және оны экономиканың теңгерімді дамуы мен оның "қызып кету" қаупін азайтуға ықпал ететін макроэкономикалық реттеуіштердің бірі ретінде пайдалану саясаты жалғасады.

Теңгенің айырбас бағамына қатысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қандай да бір бағдар, айырбас бағамының құбылмалы дәлізін белгілемей, құбылмалы айырбас бағамы режимін ұстанады, яғни ішкі валюта нарығындағы теңгенің номиналды бағамының серпіні ішкі нарықтағы шетелдік валютаның сұранысы мен ұсынысына байланысты айқындалатын болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі инфляцияның айтарлықтай өзгеруіне және қаржы нарығында тұрақсыздыққа әкеп соғуы мүмкін валюталық бағамның қысқа мерзімді және алыпсатарлық ауытқуларының тұрақсыздандырғыш салдарын азайтуға бағытталған іс-қимылдар қабылдау құқығын ө з і н е қ а л д ы р а д ы .

Теңгенің айырбас бағамының серпініне ішкі валюта нарығына Ұлттық қорды толықтыру үшін шетелдік валюта сатып алудың қажеттігіне негізделген шетелдік

валюта сатып алушы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуы әсер етуі мүмкін. Ұлттық қордың активтерін айырбастау және қайта айырбастаудың жаңа ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерінен Ұлттық қорды толықтыру үшін шетелдік валюта сатумен қатар, ішкі нарықта шетелдік валюта сатып алуы мүмкін.

"Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап күрделі операциялар бойынша қолданыстағы шектеулер толық жойылады. Осылайша, ағымдағы және күрделі операциялар бойынша валюталық шектеулер болмаған кезде теңгенің толық айырбасталымдылығы қамтамасыз етілетін болады. Осы жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі капиталдың қозғалысына байланысты валюта операцияларының мониторингін күшейтетін, сыртқы экономикалық операциялар бойынша ақпараттық базаны жетілдіру және ішкі валюта нарығындағы сұраныстар мен ұсыныстар көздерін талдау жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Төлем жүйелері саласында Қазақстан экономикасының әр түрлі субъектілері арасындағы төлемдер мен аударымдардың қауіпсіз және уақтылы өтуін қамтамасыз ететін төлем жүйелерінің жоғары технологиялық деңгейде жұмыс істеуін одан әрі қолдау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін одан әрі дамытуға, Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" жүйесін құру шеңберінде "Төлем шлюзін" жасауға, сондай-ақ төлем жүйелері үшін жаңа Резервтік орталық құруға ерекше назар аударатын болады.

Жүргізіліп отырған фискалдық саясаттың параметрлері инфляцияның жоспарланған болжамды көрсеткіштеріне сәйкес болады, ал мемлекеттік бюджет шығыстарының өсу қарқыны экономиканың өсу қарқынымен біріктірілетін болады.

**Салық саясаты** жеке кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергі жасайтын экономиканың жекелеген секторларының әлеуетін іске асыруға және әкімшілік рәсімдерді оңайлатуға бағытталады. Атап айтқанда, қосымша құнға қазірдің өзінде салынатын салық ставкасы 14%-ға дейін төмендетілді, ең төменгі жалақыны шегерімге жатқыза отырып, барлық жеке тұлғалар үшін 10% деңгейінде жеке табыс салығының тіркелген ставкасы енгізілді; 2%-ға дейінгі патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимінде салық ставкалары азайтылды, оңайлатылған декларация негізінде 3% бірыңғай ставка енгізілді. Бұдан басқа, жинақтаушы сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының дивидендтеріне, инвестициялық кірістеріне қосарланған салық салу жойылады, корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер есептеу тетігі жетілдіріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің **экономикалық саясаты** ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті бола алатын тауарлар мен қызметтердің жаңа түрлерін жасау мақсатында мемлекет пен жеке сектордың сындарлы ынтымақтастығын

күшейтуге бағытталатын болады. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптау кеңестерінің жұмысы жалғастырылады. Өндірістік және инновациялық бейіндегі шағын және орта кәсіпорындарды одан әрі ынталандыруға бағытталған шаралар әзірленетін болады. 2007 жылы өнеркәсіпті жаңғыртуға және құрылымды әртараптандыруға бағытталған, жеке сектор үшін қолжетімді маркетингтік-технологиялық зерттеулердің жаңартылатын деректер базасы жасалады.

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асырудың екінші кезеңі шеңберінде өңірлерді дамытуда кластерлік әдісті кеңінен пайдалану одан әрі дамитын болады. Индустриялық аймақтар құрылысын қаржыландыру, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жолымен қаржыландыру тетіктері әзірленетін болады. Экономиканың шикізаттық емес секторларында инвестициялық ынтымақтастықты нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау жалғасады. Экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында салалар бойынша еңбек өнімділігін бағалау әдістемесін енгізу жоспарлануда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің күш-жігері мемлекеттік емес инвестицияларды ғылым және инновациялық қызмет саласына салуды ынталандыруға бағытталады.

Мемлекеттік активтерді басқару тиімділігін арттыру мақсатында тәуелсіз басқарушылар институтын енгізу жолымен рентабельді емес кәсіпорындарды сауықтыру тетігі қалыптастырылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. Қоғамдағы келісім-шарттық қатынастарды дамыту және жеке меншік институтын нығайту үшін компаниялардың жарғылық капиталында аз үлестерді иеленуші инвесторлардың, акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын қорғау жөнінде заң қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Ұлттық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін нақты қолдау мақсатында қазақстандық тауарлардың сыртқы нарыққа экспортын алға жылжытуға жәрдем ету шараларын қабылдау жоспарланып отыр. Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктері жанынан бәсекеге қабілеттілікті дамыту жөніндегі кеңестер қ ұ р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бәсекеге қабілеттілікті дамыту мақсатында құрылыс, қала құрылысы және сәулет қызметтері саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына шетелдік капиталдың 49% түрінде қатысуын шектеу алынып т а с т а л а д ы .

2007 жылы Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен екіжақты келіссөздер аяқталады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жалғасады, оның негізгі басымдықтары агроөнеркәсіп кешені салаларының өнімділігі мен табыстылығын өсіру

негізінде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ отандық өнімнің ұлттық бәсекелестік артықшылықтарын дамыту болып табылады. ДСҰ-ға кіру шеңберінде қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау және халықаралық талаптарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімінің сапасын бақылау жүйесін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданатын болады.

Ауыл (село) тіршілігін қамтамасыз етудің қалыпты жағдайларын жасауға: сумен жабдықтау, денсаулық сақтау және білім беру объектілерін салуды, сондай-ақ ауылдық елді мекендердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауылдық жерлердегі көші-қон процесін реттеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын халықты инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі соңғы жылдардағы экономикалық табыстардың негізінде білім беруді, денсаулық сақтауды, халықты әлеуметтік қорғауды, мәдениетті, спортты, туризмді және ақпараттық кеңістікті дамытуға арналған шығыстарды ұлғайту жолымен **саясаттың әлеуметтік** бағыттылығын күшейтеді.

2007 жылы әлеуметтік саланы қаржыландыруға республикалық бюджеттен 741,5 млрд. теңге немесе жалпы ішкі өнімнің 6,2%-ы бөлінетін болады. Әлеуметтік салаға арналған шығыстардың үлесі республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлемінде 34,4%-ды құрайды. 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасы жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 2007 жылы республикалық бюджеттен 413 млрд. теңге бөлінетін болады.

Еңбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданады, біліктілігі жоғары және кәсіптік қызметкерлерді Қазақстанға тарту тетігі әзірленеді.

Жастарды жұмыспен қамтудың белсенді саясатын олардың кәсіптік білім алуларына кредит беру және гранттар бөлу, өзінің жеке ісін ашу, жастарды шағын және орта бизнеске тарту бағдарламаларын іске асыру арқылы жүргізу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Білім беру саласындағы саясат әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға бағытталады. 2007 жылы білім беруге арналған республикалық бюджет шығыстары жалпы ішкі өнімге 1,1%-ды құрайды. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы экономикалық және қоғамдық жаңғырту қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа редакцияда әзірленетін болады.

Денсаулық сақтауға арналған республикалық бюджет шығыстары 2007 жылы жалпы ішкі өнімге 0,8 %-ды құрайды. Халықаралық стандарттарға көшуді ескере отырып, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодекстің жобасы

әзірленеді. Астана қаласында медициналық кластер құру шеңберінде оларды басқару үшін одан әрі озық шетелдік компанияларды тартумен жаңа медициналық орталықтардың құрылысы басталады.

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның ақпараттық қоғамды қалыптастыру жолында неғұрлым тез жылжуы үшін 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасады. Жергілікті атқарушы органдардың (е-әкімдіктер) электрондық қызметтерді ұсынуы ұйымдастырылады, электрондық қызметтерге қоғамдық қол жетімділік пункттерінің желілері және компьютерлік сауаттылыққа оқыту орталықтары құрылатын болады, бұл Интернет желілерінде электрондық қызметтерді пайдаланушылардың үлесін халықтың 10%-на дейін ұлғайтады.

Ұлттық қауіпсіздікке және қоғамдық тұрақтылыққа қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі кешенді ұлттық бағдарламаны дәйекті іске асыру мақсатында ұлттық компаниялардың және мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ ірі жеке меншік компаниялардың қызметінің және қаржы ағыстарының ашықтығын қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар дайындалатын болады.

**Экологиялық саясат** Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын одан әрі іске асыруға, қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендетуге, халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыруға, қоғамның тұрақты дамуына көшуінің негіздерін жасауға бағытталады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірлескен іс-қимылын іске асыру **2007 жылға арналған мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді** қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2007 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 8,6%-ды құрайды деп күтілуде, бұл халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің мөлшерін 6560 АҚШ долларына жеткізуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп өнімінің орташа жылдық өсімі 7,2%-ды, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі - 3,2%-ды құрайды. Негізгі капиталға инвестициялар 2006 жылмен салыстырғанда 15%-ға ұлғаяды. Тауар экспорты - 33,3 млрд. АҚШ долларын, импорты - 27,6 млрд. АҚШ долларын құрайды.

2007 жылы зейнетақының ең төменгі мөлшері базалық төлемді есепке алғанда 10236 теңгеге дейін, ең төменгі жалақы мөлшері - 9752 теңгеге дейін ұлғаяды, 2006 жылмен салыстырғанда нақты жалақы 13,8%-ға артады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің 2007 жылға арналған

экономикалық және әлеуметтік  
саясаттың негізгі бағыттары мен  
экономикалық көрсеткіштердің  
болжамы туралы мәлімдемесіне  
қосымша

2007 жылға арналған экономикалық көрсеткіштер болжамы

Нақты мәндегі жалпы ішкі өнім, өткен жылға %-бен	108,6
Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, АҚШ доллары	6560
Нақты мәндегі өнеркәсіптік өнім (жұмыстар, қызметтер) көлемі, өткен жылға %-бен	107,2
Нақты мәндегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, өткен жылға %-бен	103,2
Негізгі капиталға инвестициялар, өткен жылға %-бен	115
Тауарлар экспорты, млрд. АҚШ доллары	33,3
Тауарлар импорты, млрд. АҚШ доллары	27,2
Тұтыну бағасының индексі, жылына орта есеппен %-бен	105-107
Республикалық бюджет тапшылығы, жалпы ішкі өнімге %-бен	1,2
Нақты жалақы, өткен жылға %-бен (шағын кәсіпорындарды есептегенде)	113,8
Ең төменгі жалақы, теңге	9752
Базалық зейнетақы төлемін есепке алғандағы ең төменгі зейнетақы, теңге	10236